

## Лекция 8.

### Тақырыбы: Дәріс кезінде студенттердің танымдық қызығушылықтарын белсендіру. Проблемалық оқыту.

**Лекция мақсаты мен міндеттері:** Қазіргі заманғы білім берудің басты мақсаты – мамандарды әлемді шығармашылық тұрғыдан өзгертудің әдістемесімен қаруландыру. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми міндеттерді дәстүрлі емес әдістермен шешудің жолы ретінде проблемалық оқыту жүйесін ұсыну.

**Лекция мазмұны:** Проблемалық оқытудың ерекшелігі- мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, студентлардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын студент өзі іздестіруі тиіс. Бұл технологиялық әдістегі ең маңызды мәселе – жаңа білім жаттау немесе есте сақтау үшін емес, проблеманы немесе бірнеше проблемаларды шешу үшін беріледі. Проблемалық оқыту педагогикада жаңа құбылыс емес, тарихта белгілі адамдардың (Сократ, Руссо, Дистервег, Ушинский т.б.) есімдерімен байланысты.

Проблемалық оқыту кезінде жүретін психологиялық процесстер механизмі төмендегідей: белгісіз, түсініксіз жаңа проблемамен жолыққан адамда таңғалу, дағдарыс пайда болады да «оның мәні неде?» деген сұрақ туындайды. Әрі қарай ойлау процесі белгілі схемамен жүреді, яғни – болжам тастау, оны негіздеу және тексеру. Содан соң студент не өз бетімен ойша іздестіру жүргізеді, немесе оқытушының көмегіне сүйенеді. Шығармашылық ойлаудың белсенділігі – проблеманың ұжымдық түрдегі шешу схемасы: «субъект-объект-субъект» қарым-қатынастарына түседі.

**Проблемалық оқыту - оқытудың әдіс - тәсілдерін қолдана отырып білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.**

Сабақтың проблемалық құрылымы олардың ерекше ұйымдастырылуын талап етеді, ал мұның өзі оқытудың таңдалынған әдіс – тәсілдерінен көрініс табады. Мұның бәрі оқытудың құрылымына әсер етеді. Сондықтан да, проблемалық оқытуды өзінің ерекше технологиясы бар жаңа дидактикалық жүйе деп санауға әбден болады.

Соңғы жылдарда проблемалық оқыту дамып кетті. Мектеп студенттарын проблемалық оқыту идеясы бұрыннан кездескенімен оның теориялық негіздері мен практикалық қолданылуы әлі қалыптасып болған жоқ.

Проблемалық оқыту – ойлау операциялары мен студенттардың ізденіс әрекеттерінің заңдылықтарын ескере отырып жасалған, оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тәсілдерінің қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан, ол бәрінен гөрі көбінесе мектеп студентсының ойлау қабілеттерін дамытуды, оның жалпы дамуын және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Проблемалық және дәстүрлі оқыту арасындағы негізгі айырмашылықты біз екі жайттан көреміз: олар негізінен педагогикалық процесті ұйымдастырудың мақсаты мен принципі жағынан

ерекшеленеді. Проблемалық оқытудың мақсаты - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, процесін де, меңгеру студентның танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту негізінде студентның дербес оқу - танымдық принципі жатыр, яғни ғылыми зерттеу фактілерін, құбылыстарды, заңдарды және методтарды "ашу" принципі және білімдерін практикада қолдану әдістері.

Сонымен қатар проблемалық оқытуды тек студентлардың өздігінен "жаңалық ашуынан" тұрады деп қарауға болмайды.

Проблемалық оқыту жағдайындағы мұғалімнің қызметі мынадан тұрады: ол қызметті жағдайда неғұрлым күрделі ұғымдардың мазмұнын түсіндіре отырып, ұдайы проблемалық ситуациялар жасайды, студентларға фактілерді хабарлап, олардың оқу танымдық қызметін фактілерді талдау негізінде студентлар өздіктерінен қорытындылар мен жинақтаулар жасайтындай етіп ұйымдастырады.

Соның нәтижесінде студентларда ақыл – ой операциялары мен әрекет дағдылары, білімдерді тасмалдау дағдылары қалыптасады. Зейін, ерік, шығармашылық қиял ойлап табушылық дамиды, жаңа білімдерді алу мен шпотезалар ұсыну және оларды негізден дәлелдеу жолымен әрекеттің жаңа тәсілдерін табу қабілеттері қалыптасады.

Оқушылардың логикалық-танымдық және шығармашылық ойлауы мен қабілеттерін дамытуда сабақтарды проблемалық оқыту тәсілімен өткізудің маңызы зор. Мұның негізгі мәні - оқу материалын түсіндіру үстінде проблемалық жағдай (ситуациялар) туғыза білу. Негізінен, физикадан проблемалық оқытудың формасын мынадай 4 деңгейде өткізудің мүмкіндігі бар:

- 1) проблемалық баяндау - мұғалімнің проблеманы тұжырымдап, оны өзінің шешуі, ғылымда оның қалай шешілгенін көрсету (атомның және ядроның құрылысы);
- 2) проблемалық жағдаят туғызып, оны оқушыларды қатыс-тырып, бірге шешу (сұйықтардағы беттік керілу);
- 3) проблеманы мұғалімнің өзі тұжырымдап, шешуін оқушы-лардың өздеріне ұсыну (сұйық және газ тәрізді денелердің диффузиясы);
- 4) проблеманы тұжырымдауды және оны шешуді оқушы-лардың өздеріне беру (денелердің суда жүзуі және батуы). Бұл тәсілді көбінесе факультативтік сабақтарда, үйірме жұмыс-тарында пайдаланған да орынды. Проблемалық оқыту тұрғысынан М.И.Махмутов оқыту әдістерінің жүйесі 10 түрге бөлінеді:

- 1) ақпараттық; 2) орындаушылық; 3) түсіндірушілік; 4) репра-дуктивтілік; 5) нұсқаулық-практикалық; 6) нәтижелік-практика-лық; 7) түсіндірмелі-оқытушылық; 8) ойланушылық; 9) жартылай ізденушілік; 10) ізденушілік.

**Оқытудың техникалық құралдары:** интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер, бейнефильмдер.

**Оқытудың әдістері мен түрлері:** баяндау, сұрақ – жауап, түсіндіру

**Деңгейлік тапсырмалар:**

1. Дәріс кезінде студенттердің танымдық қызығушылықтарын белсендіру
1. Проблемалық оқыту қалай түсінесіз?
2. Проблемалық оқытудың негізгі ерекшеліктері?
2. Физиканы проблемалық оқытудың негізгі формалары?
3. Проблемалық оқыту тұрғысынан М.И.Махмутов оқыту әдістер жүйесі
3. Проблемалық оқытуды дамытуда үлес қосқан ғалымдардың ойлары

**ОБСӨЖ тапсырмалары:**

Физиканы проблемалық оқытудың негізгі формалары. Проблемалық оқыту тұрғысынан М.И.Махмутов оқыту әдістер жүйесі

**СӨЖ тапсырмалары:**

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшеліктері. Дәріс кезінде студенттердің танымдық қызығушылықтарын белсендіру әдістері

**Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Таубаева Ш.Т. Теоретические основы проектирования государственных общеобязательных стандартов высшего профессионального образования. - Алматы: Гылым. -2003. -137с.
2. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. -144 б.
3. Теория и методика обучения физике в школе общие вопросы. /Ред. С.Е.Каменецкого, М., 2001.
4. Педагогика профессионального образования: учеб. пособие / Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, А. Г. Пашков/ под ред. В. А. Сластенина. - Москва : Академия, 2004. - 368 с.
5. Алимбекова Г.Б. Физика пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған оқу құралы. - Алматы , 2008. - 252 б.